

# РУХАНИ ӘЛЕМ

## ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ КІТАБЫ

Жоғары деңгей



811.512.122(07)
К-17 к

Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова

# «Қазақ тілі»
# деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
# Оқу және тіл дамыту кітабы.
# «РУХАНИ ӘЛЕМ»
# (жоғары деңгейге арналған)

Алматы
2013

УДК 811.512.122+821.512
ББК 81.2 Каз+84
Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:
Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова

Қ17 «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Оқу және тіл дамыту кітабы. «Рухани әлем» (жоғары деңгейге арналған). / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова және т.б. – Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 44 б.

ISBN 978–601–7514–02–0

Оқу құралында түркі халықтары ұлы тұлғаларының және қазақтың белгілі ақын-жырауларының шығармаларынан үзінділер топтастырылып берілген. Мұндай шығармаларды сабақта пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына, тіл үйренушінің тілдік тұлға ретінде қалыптасуына көмек береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 293297

УДК 811.512.122+821.512
ББК 81.2 Каз+84

ISBN 978–601–7514–02–0

© ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013
© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Күлмаханова, 2013

# ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ КІТАБЫНА КІРІСПЕ

1. Оқу құралын тіл үйретушінің көмегі арқылы сабақта пайдалануға болады және өз бетінше оқып-үйрену үшін де пайдасы мол.

Оқу құралына түркі халықтары ұлы тұлғаларының және қазақтың белгілі ақын-жырауларының өлеңдері мен өсиет сөздері топтастырылған. Оқу құралына жүйеленген материалдар даму кезеңдеріне сәйкес хронологиялық тәртіпте орналастырылған. Сонымен бірге оқу кітабында елтанымдық ақпаратты қамтитын мәтіндер ұсынылды. Бұл материалдар негізінде тіл үйренушілер қазақ елінің шынайы тыныс-тіршілігінен ақпарат алады және рухани-танымдық шығармаларды өмірмен байланыстыра оқыту тіл үйренушінің *білік* пен *дағдысын* қалыптастыруға негіз болады. Оқу құралына енген материалдар танымдық сұрақтарды қамтиды.

Сабақта мұндай мәтіндерді пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына көмек береді. Тіл үйренушінің білімі шығармашылық қызығушылығымен қалыптасады, елтаным бағытындағы құзыреті орнығады. Жеке тұлғаның «тілдік тұлға» ретінде қалыптасуына түркі халықтары ұлы тұлғаларының және қазақтың белгілі ақын-жырауларының өлеңдері мен өсиет сөздерін оқып-үйрену игі әсер етеді.

2. Тіл үйренушінің өз бетінше оқитын немесе тіл үйретушінің тікелей көмегі арқылы оқытылатын елтанымдық материалдардың, яғни өлеңдер мен өсиет сөздердің лингвоелтанымдық білімді тереңдетуде, сөздік қорды молайтуда маңызы зор. Бұл өлеңдердің мазмұны түпнұсқалық мәтіндер болғандықтан, тіл үйренушінің танымын және тілін дамытады. Оқу құралына енген бай жазба әдебиет шығармаларының мазмұнына көркемдік жағынан талдау жасау мақсаты көзделмейді, керісінше, бұл шығармаларды оқып-үйрену арқылы тіл үйренушінің тілдік жорамал, болжам жасау міндеттерін шешу әрі тілін дамыту талаптары жүзеге асырылады.

3. Рухани құндылықтарды оқыту әдістемесі

Оқу құралына енген рухани-танымдық шығармалардың мәтінімен жұмыс үш кезеңнен тұрады: танысу кезеңі, мәтінді оқу кезеңі және мәтіннен кейінгі кезең.

*1) Танысу кезеңінің мақсаты* – тіл үйренушінің поэзия тілін оқып-үйренуге қызығушылығын тудыру және оған шынайы ақпараттық білім беру.

Алдымен ұлы ғұламалар мен ақын-жыраулардың қысқаша өмірі, олардың шығармалары туралы мәлімет беріледі, сонымен бірге түрлі логикалық және танымдық сұрақтар бойынша әңгіме жүргізіледі. Сонан соң тіл үйренуші өлең құрылысы және өсиет сөздердің мазмұнымен танысып, алған білімін ауызша сөйлеуде қолдануға тырысады.

*2) Мәтінді оқу кезеңі (Оқимыз. Жазамыз).* Бұл кезеңде мәтін тағы бір рет қайталанып оқылады. Тіл үйренуші қиын сөздердің түсіндірмесімен танысып, жазбаша тапсырмаларды орындайды.

*3) Мәтіннен кейінгі кезең (Тыңдаймыз. Сөйлейміз).* Бұл кезеңде өлең-жыр мазмұнындағы кейбір елтанымдық және тілдік ақпараттарды логикалық ойлау тұрғысынан түсіну әрекеттері жүзеге асырылу керек. Мысалы, «Сіз қалай ойлайсыз?», «Автордың ойымен келесіз бе?»



## ҚОРҚЫТ
## (VIII ғ.)

### Қорқыт туралы аңыз

Қорқыт ата VIII ғасырда Сырдария аңғарында өмір кешкен. Қорқыт ата – батыр, ақын, қобызшы, ақылгөй данышпан болған. Қорқыт ата Сырдария бойында мекен еткен тайпада дүниеге келген.

Адамның ажал құрығынан құтыла алмайтынына қапаланып, қайғы кешкен Қорқыт қарағайдан қобыз жасап, күй толғайды. Қобызда күй ойнау – қазақ өнерінің асыл мұрасы болып табылады.

### «Қорқыт ата» кітабы

«Қорқыт ата» кітабы – ежелгі түркілердің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жайында, сол ерте замандардағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі туралы жазылған шығарма.

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Қорқыт *жүйрік желмая*сымен *жарық дүниені шарлап*, жаңа күйлерін бірінен соң бірін *тоғытып* шығара берді. Сапарлап жүріп жұртқа *жәрдемін тигізді,* ақыл-кеңес берді, қырық жыл алдағы тағдырларын болжады. *Мұңайған* кездерінде қобызда ойнап, *ажалды* өзіне *жақындатпай* қойды.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қорқыт дүниені немен шарлады?
- Қорқыт ата адамдарға қандай көмек берді?
- Қорқыт мұңайған кезде қандай аспапта ойнады?

*3. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

■ ОҚИМЫЗ

*4. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Бір күні оның түсіне ұзын ақ таяқты, ақ сақалды қария кірді. Қария оған: «Әй, Қорқыт, егер сен «өлім» деген сөзді аузыңа алмасаң, саған ешқашан өлім келмейді», – дейді.

Қорқыт *оянып* кетіп, түсінде өзіне *аян берілгенін* түсінді. Сол күннен бастап бұл сөзді *айтпауға тырысты*. «Сірә, Тәңірі мені тағы бір *сынайын* деген шығар», – деп ойлады.

***жүйрік*** – жылдам, тез
***желмая*** – шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе
***жарық дүние*** – өмір, әлем, тіршілік
***шарлау*** – аралау, кезу
***тоғыту*** – тоқтаусыз, бірінің артынан бірін шұбырту
***жәрдемін тигізу*** – көмек беру
***мұңаю*** – уайымдау
***ажалды жақындатпау*** – өлімді жақындатпау

***ояну*** – ұйқыдан тұру, ұйқысын ашу
***аян беру*** – өңінде болатын істі алдынала түсінде көру, белгі беру

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қорқыт түсінде кімді көрді?
- Қария Қорқытқа қандай аян берді?
- Қорқыт қандай сөзді айтпауға тырысты?

*6. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

## ■ ОҚИМЫЗ

*7. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Шынында да көп жылдар өтті. Қорқыт өлмей, тірі жүре берді, аузынан *оқыста* сол сөздің шығып кетпеуін қадағалады. Қобызын ойнап, ел шарлап жүрді.

Бірде ол Желмаясын босатып, жайылымға жіберді де, өзі ағаштың түбіне жантайып дем алуға жатады. Кенет құлағына айқай-шу естіледі. Сөйтсе, көрші ауылда босап кетіп, енді ешкімге ұстатпай жүрген *асау өгізді жуасытамыз* деп дабырласып жүр екен. Қорқыт дереу Желмаясына қарғып мініп, өгізді шарбаққа қамауға көмектесуге әрекеттенеді. Бірақ Желмаяның *сұсты түрінен* шошыған өгіз оған да *ырық бермейді.* Жұрт Қорқытпен бірге асау өгізді *қуалай-қуалай,* ақырында барлығының *діңкелері құрып,* шаршайды. Тап осы арада Қорқыт шыдамай кетіп, ызыланғаннан: «Ай, бәлем, өлсем де сені қуып жетем-ау!» деп байқамай айтып жібереді. Соған қоса Желмаясын *бүйірден тебініп* қалады. Оның осы сөздерді айтуы мұң екен, асау өгіз сол орнында *тапжылмай* үлкен қара тасқа айналады. Бірақ соның алдында өгізге тіл бітіп, адамша сөйлепті:

Менің өзім қарамын,
Қарадан туған аламын.
Туған да жерім Қазалы,
Бұл тауда болды-ау ажалым!

Аузынан тыйым салынған сөздің аңдаусызда шығып кеткенін Қорқыт сонда ғана біледі. Өзінің енді *ажалды пенде* екенін ұғып, *бейқамдығына* қатты өкінеді. Бірақ өкінгеннен пайда жоқ, содан Қорқыт Желмаясын ерттеп мініп, қобызын *күңіренте тартып,* ажалдан қаша жөнеледі.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*8. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қорқыт қандай сөзді айтпауға әрекет жасады?
- Қорқыт қандай айқай-шуды естіді?
- Асау өгізді қалай жуасытуға кірісті?

***айтпауға тырысты*** – сыртқа шығармауға тырысты
***сынау*** – сынау, мінеу, талқыға түсу, сынаққа түсу

***оқыста*** – күтпеген жерден, кенеттен
***асау өгіз*** – жүген, құрық тимеген өгіз
***жуасыту*** – қолға үйрету
***сұсты түрі*** – түсі суық, айбатты
***ырық бермейді*** – айтқанына, ыңғайына жүрмеді
***қуалай-қуалай*** – ұстап алу үшін артынан қуу
***діңкелері құру*** – шаршап болдыру
***бүйірден тебіну*** – дененің оң не сол жақ бүйрек тұсынан тебу
***тапжылмай*** – бір орында қозғалмай тұрып қалу
***ажалды пенде*** – о дүниелік болатын жан, адам
***бейқамдық*** – қамсыз, жайбарақат
***күңіренте тарту*** – айналаны жаңғырықтыра күшті үн шығару

- Қорқыт шыдамай қандай сөзді айтып қалды?
- Өгіз Қорқытқа не деп тіл қатты?
- Қорқыт ажалдан қорыққанынан не істеді?

*9. Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*10. Қорқыт атаны сипаттап жазыңыздар.*

_____
_____
_____
_____
_____
_____

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.*

Қорқыт ата VIII ғасырда _____ өмір кешкен.

1) Амудария бойында
2) жазық далада
3) Сырдария аңғарында
4) Сахара шөлінде

Мұңайған кездерінде қобызда ойнап, _____ өзіне жақындатпай қойды.

1) қуанышты
2) реніштi
3) өкінішті
4) ажалды

Қорқыт жүйрік желмаясымен жарық дүниені шарлап, жаңа _____ бірінен соң бірін тоғытып шығара берді.

1) әндерін
2) өлеңдерін
3) күйлерін
4) билерін



## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
(870-950)

Әбу Насыр әл-Фараби – данышпан, энциклопедист ғалым. Ол – Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Оның астрономия, астрология, математика, музыка, медицина, социология, риторика, философия салалары бойынша жазған жүздеген еңбектері бар.

*1.Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Әл-Фараби туралы не білесіздер?
- Мәтіннің тақырыбын оқыңыздар.
- Әл-Фарабидің балалық шағын көз алдарыңызға қалай елестетер едіңіздер?

■ ОҚИМЫЗ

*2. Мәтіннің бірінші бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*

*Жасөспірімдік* шаққа жеткенмен де, Мұхаммед Фараб қаласындағы *керуен* орталығына барып, басқа елдерден келген *саудагерлермен* сұхбат құру әдетін тастамады. Бірде ол осы алаңда түрік және грек тілдерінде жазылған кітаптар тиелген керуенге жолықты. Оның иесі *жөн сұрасқанда* кітаптарды Фараб қаласының жергілікті кітапханасына арнайы әкелгенін айтты.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жасөспірім шағында әл-Фараби нені әдетке айналдырған еді?
- Ол керуен иесінен қандай мәлімет алды?

*4. Мәтінге тақырып қойыңыздар.*

■ ОҚИМЫЗ

*5. Мәтіннің екінші бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*

Көне *қолжазбаларды* ең болмағанда, ұстап көрсем деген оймен Мұхаммед жаңа танысына қол көмегін ұсынды, анау келісе кетті. Өкінішке орай, арманы орындалмады, кітаптарды қалың *кенептерге* салып, *текшелеп буып-буып* тастапты. Алайда алған бетінен қайтпайтын Мұхаммед қоймай жүріп, кітап *қоймасына* қалай кіруге болатынын сұрап біліп алды.

***жасөспірім*** – жас түлек, жеткіншек
***керуен*** – алыс жерге жүк тасуға немесе сауда жасауға арналған көлік тізбегі
***саудагер*** – заттың бағасын асырып қайта сататын сатарман
***жөн сұрау*** – хал-жағдайын сұрап білу

***қолжазба*** – біреудің қолмен жазған шығармасының түпнұсқасы
***кенеп*** – кендір талшығынан тоқылған қалың мата
***текшелеу*** – қабырғаларын тік бұрыштау, текше жасау
***буу*** – бір нәрсені қатты қысып байлау
***қойма*** – қымбат дүниелер, қазына жасырылған жер

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Мұхаммедтің арманы неге орындалмады?
- Берілген мәтіннен Мұхаммедтің қайсарлығын білдіретін сөз тіркесін тауып, себебін түсіндіріңіздер.

*7. Мәтінге тақырып қойыңыздар.*

## ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*8. Мәтіннің үшінші бөлігін тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Мұхаммед жаңа танысының ақыл-кеңесінің арқасында кітапханаға кіру *мүмкіндігіне* ие болды. Мұнда өзі сияқты балалар көп екен. Мұхаммед олармен жиі кездесіп, достасып кетті, әсіресе Жамал есімді баламен тез *тіл табысты*. Жамал Мұхаммедке көп көмегін тигізді. Қандай кітаптарды бірінші кезекте оқу керектігін түсіндірді. Өзі болған алыс елдер туралы көрген-білгенімен бөлісті. Кейде ол керуендерге *ілесіп*, бірнеше апта бойы ел аралап кетіп жүрді. Әр сапарында жаңа кітаптар мен қызықты *әсерлер* әкеліп отырды.

***мүмкіндік*** – қолайлы жағдай, мүмкіншілік
***тіл табысу*** – өзара ұғынысу, түсінісу

***ілесу*** – біреудің не бір нәрсенің соңынан еру
***әсер*** – қимыл-әрекеттің немесе бір істің адамға тигізетін ықпалы

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Берілген үзіндіде не туралы айтылады?
    1. Мұхаммед және достары
    2. Мұхаммед және саудагер
    3. Мұхаммед және музыка
    4. Мұхаммед және ғылым
- Мұхаммедті көне қолжазбалар неге қызықтырды?

*10. Мәтіннің негізгі мазмұнын білдіріп тұрған сөйлемді тауып оқыңыздар.*

*11. Мәтінге тақырып қойыңыздар.*

*12. Әңгімеден әл-Фарабидің білімге құштарлығы туралы айтылған сөйлемдерді тауып оқыңыздар.*

*13. Оқыған кітаптарыңыз жайлы алған әсерлеріңізді достарыңызбен бөлісіңіздер.*

■ ЖАЗАМЫЗ

*14. Берілген сөз және сөз тіркестерін пайдаланып, әңгіме құрып жазыңыздар.*

Кітапхана. Көне жазбалар. Жаңа кітаптар. Қызық әсер.

*15. Жас әл-Фарабидің атынан достарыңызға хат жазыңыздар.*

_____

_____

_____

_____

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыздар.*

Көне қолжазбаларды ең болмағанда _____ деген оймен Мұхаммед жаңа танысына қол көмегін ұсынды, анау келісе кетті.

1) жазып көрсем
2) ұстап көрсем
3) айтып көрсем
4) қолжазба

*2. Мәтіннен қандай сөйлем түсіріліп берілгенін көрсетіңіздер.*

«Жамал есімді баламен тез тіл табысты. Жамал Мұхаммедке көп көмегін тигізді.

Қандай кітаптарды бірінші кезекте оқу керектігін түсіндірді .

_____

Кейде ол керуендерге ілесіп, бірнеше апта бойы ел аралап кетіп жүрді. Әр сапарында жаңа кітаптар мен қызықты әсерлер әкеліп отырды.

1) Бірде ол осы аланда түрік және грек тілдерінде жазылған кітаптар тиелген керуенге жолықты.
2) Әр сапарында жаңа кітаптар мен қызықты әсерлер әкеліп отырды.
3) Өзі болған алыс елдер туралы көрген-білгенімен бөлісті.
4) Өкінішке орай, арманы орындалмады, кітаптарды қалың кенептерге салып, текшелеп буып-буып тастапты.

*3. Мұхаммедтің балалармен тез достасып кететін мінезі қандай сөз тіркесімен берілген?*

1) қол көмегін берді
2) бетінен қайтпайды
3) көмек тигізді
4) тез тіл табысты



## МАХМҰД ҚАШҚАРИ
## (XI ғ.)

Махмұд Қашқари – түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты. Оның «Диуани лұғат ит-түрік» шығармасы – халық даналығының қазынасы, ежелгі түркі өмірінің энциклопедиясы.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сіз М.Қашқари туралы білесіз бе?
- Оның қандай еңбегін білесіз?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*2. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Диуани лұғат ит-түрік
Ықыласым тәрік болды
(Ақылым әртарапқа бөлінді),
Тәрік көңіліме жар көрінді.
Бұлт көтеріліп, көк бүркенді,
Тұман тұрып, *бұршақ* жауды.

Кешпен тұрып жүре бердім,
Қара, қызыл бөрі (қасқыр) көрдім.
Жағымды қатты тартып (даяр) тұрдым.
Қайрыла қарап (қасқырлар), *қырдан* асты.

(Қасқырды) қуам деп өзім алқындым,
Қалмай қуып (қасқырды) қалжыраттым.
Атыммен (қасқырға) жетіп (соғуға) асықтым.
Мені көріп (қасқырдың) жүні *үрпиді.*

Итім (қасқырды) ұстап шалып тастады.
Оны (қасқырды) талап, талқанын шығарды.
Басынан алып (бүріп) сілкіледі,
Бір ауыздан алып түгел тұншықтырды (өлтірді).

Қара-түнекті қашырдым.
Ауыр түсімді ұшырдым.

***бұршақ*** – кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын

***қыр*** – аласа таулардың, үстірттің ұзына бойы созылып жатқан биік жері

***үрпию*** – жүнін күжірейту

Жеткінектер (дәуірі тез) өткіздім.
Есепті (санаулы) күнім толды (жетті).

Асудан асып, алға жүрдім,
Жақындап барып бір қарайған (адам) көрдім.
Оны біліп (танып) ілгері жүрдім.
Түгел жау тозаңы торыды (басып тұрды).

Қаласам оның (жаудың) артынан қалмас едім.
*Тұтқындар* едім (жау қолын) бостырып,
Бодан (құл) қылып, басын жарып,
(Бірақ) ол өзі басының құнын берді.

Ол барлық мүлкін (үйін) сатпақ болды.
Алдым беріп жатпақ болды.
Тірі қалғысы келді.
(Осылайша) оған *қайғы* күні туды.

Оның жауынгерлері менің
Алдыма жығылды (тізе бүкті).
Бастарын, мойындарын иді (құлшылық қылды).
Ұятты боп, бұғып (қалды).
Өлтірме, жойма мүлде деп өтінді.

*Еркіндік* беріп босаттым.
Дүние-мүлкін тапсырттым.
Барлық ар-ұяттан арылттым.
Барлық мүлкін өзі жиды (буды).

***тұтқындар*** – бас еркінен айырылып, қолға түскен адамдар

***қайғы*** – күйік, қасірет, мұң-шер

*еркіндік* – бостандық

*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Берілген үзіндіде не туралы айтылады?
- Шығармадан ит пен қасқырдың айқасын бейнелеген жерді тауып оқып, әңгімелеп беріңіздер.
- «Оның жауынгерлері менің алдыма жығылды (тізе бүкті)» сөйлеміндегі асты сызылған сөздің мағынасын қалай түсінесіздер?

*4. Мәтінді қайта оқып, сұхбат құрыңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*5. Мәтіннен алынған сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлем құрыңыздар.*

Сөз тіркестері: бұлт көтерілді, бұршақ жауды, қасқырды көру, жүні үрпию, талқанын шығару, алға жүру, жау тозаңы, басының құны, қайғы күні, тізе бүкті, еркіндік беру

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

...Оның ..... менің
Алдыма жығылды (тізе бүкті).
Бастарын, мойындарын ..... (құлшылық қылды).
Ұятты боп, бұғып (қалды).
Өлтірме, ..... мүлде деп өтінді.

| | | |
|---|---|---|
| 1) дұшпандары | 1) иілген | 1) өлтірме |
| 2) жауынгерлері | 2) иді | 2) жойма |
| 3) адамдары | 3) еңкейді | 3) кеспе |
| 4) қарақшылары | 4) шалқайды | 4) ұрма |

Еркіндік беріп босаттым.
..... тапсырттым.
Барлық ..... арылттым.
Барлық мүлкін өзі жиды (буды).

| | |
|---|---|
| 1) зат | 1) өтірік, ұят |
| 2) дүние-мүлік | 2) ар, өкініш |
| 3) нәрсе | 3) ар-ұят |
| 4) дүние-жиһаз | 4) ұят, мақтаныш |

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

| | |
|---|---|
| 1) Қашқари | а) мақала |
| 2) қазақ тілі | ә) өлең |
| 3) әдеби | б) сөздігі |
| 4) лирикалық | в) кітабы |

*3. «Лұғатты» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

1) ойлы, пішінді сөз
2) өнегелі, өлшемді сөз
3) өнегелі, ойлы, парасатты сөз
4) ойлы, пікірлі сөз

## ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН
## (XI ғ.)



Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған. Ол ақын ғана емес, үлкен ғалым болған.

### Құтты білік

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасын 1069-1070 жылдары бастап,18 айдың ішінде аяқтаған. Қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес бұл еңбегін ақын сол кездегі ел билеушісі Табғаш Арслан хан Боғратегінге тарту еткен.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Егер *қолың ұзын* болса, халықтың
Бәріне ісіңмен де, сөзіңмен де *игілік* ет.
Кісіге *екі дүниеде* пайдалы нәрсе –
Ізгілік іс немесе мінезі түзулік.
Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік,
Бұл үшеуі арқылы адам *шын бақыт* табады.
*Ісі ізгі* болса, бүкіл халық сүйеді,
*Іс әділ* болса, *төрге шығады.*

***қолы ұзын*** – беделді, сөзі өтімді болу
***игілік*** – қайырымды іс, жақсылық
***екі дүние*** – өмір бақи, өмір бойы
***шын бақыт*** – бақытты болу, қызыққа кенелу
***ісі ізгі*** – адал, ақ, игі
***іс әділ*** – тура, жөн, дұрыс
***төрге шығу*** – құрметті орынға отыру, дұрыс

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жүсіп Баласағұн іс пен сөздің бірлігі туралы не айтады?
- Екі дүниеде пайдалы нәрсе деп ақын нені айтады?
- Екінші пайдалы нәрсе не?
- Үшіншісі пайдалы нәрсе не?
- Осы үш пайдалы нәрсе туралы не айтасыздар?
- Халық қандай адамды жақсы көреді?
- Ісі әділ адамға қандай құрмет көрсетіледі?

*3. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Ісі ізгі болса,<br>Бәріне ісіңмен де,<br>Іс әділ болса, | сөзіңмен де игілік ет.<br>төрге шығады.<br>бүкіл халық сүйеді. |

■ ОҚИМЫЗ

*4. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Кісіге өте *пайдасыз* үш нәрсе бар:
Бірі – *жауыздық* істен *қасарысып* айрылмаса,
Тағы бірі – жалған сөзбен *шұғылданса,*
Тағы бірі – *сараңдық*, ол *есебін* тауып,
Бұлар – үш нәрсе. Үшеуі *білімсіздің* ісі.

***пайдасыз*** – түкке қажеті жоқ, керексіз
***жауыздық*** – зұлымдық, қастандық, залымдық
***қасарысу*** – айтқанға көнбеу
***шұғылдану*** – бір нәрсемен айналысу
***сараңдық*** – ешнәрсесін бермейтін адам
***есебін табу*** – өз пайдасына шешу
***білімсіз*** – сауаты жоқ, надан

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жүсіп Баласағұн неше пайдасыз нәрсені айтқан?
- Оның біріншісі не?
- Екіншісі пайдасыз нәрсе не?
- Үшіншісі пайдасыз нәрсе не?
- Осы үш пайдасыз нәрсе туралы сіздер не айтасыздар?
- Адамға үш пайдалы, үш пайдасыз нәрсені атаңыздар.

*6. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Бірі – жауыздық істен<br>Бұлар – үш нәрсе<br>Кісіге өте пайдасыз | үш нәрсе бар<br>қасарысып айрылмас.<br>Үшеуі білімсіздің ісі. |

■ ОҚИМЫЗ

*7. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Адам анадан *данышпан* боп туа ма?

Әлде жасы *жетілгеннен* кейін үйрене ме?

Бақытты Елік,
Игіліктің аты – білім мен ақыл.

Бала білімсіз туады. *Дәстүрді* үйренеді.

Білім алса, кейін төрге шығады.

Адам ақылды үйрене алмайды.

Ол адаммен *қоса жаратылады.*

Үйренілмейді.

Ақылдан басқа өнерді
Кісі үйренеді. Кейін *қолы ұзарады.*

Білім алсаң, жаның *берік* сақталады.

***данышпан*** – ақылды, білімді адам адам
***жасы жетілу*** – ержету

***дәстүр*** – әдетке айналған салт-сана, ғұрып

***қоса жаратылады*** – адамға тән нәрсе

***қолы ұзарады*** – беделді, өтімді болу
***берік*** – мықты, бекем, мығым

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*8. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қалай ойлайсыздар, адам данышпан болып туа ма?
- Игілік деп нені айтады?
- Адам қай уақытта сыйлы болады?
- Адамға ақылды үйретуге бола ма?

*9. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Игіліктің аты – | жаның берік сақталады. |
| Бала білімсіз туады. | білім мен ақыл. |
| Білім алса, | кейін төрге шығады. |
| Білім алсаң, | Дәстүрді үйренеді. |

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*10. Берілген үзіндідегі түсіп қалған сөздерді орындарына қойып жазыңыздар.*

**Ізгілік жөнінде**

Егер _____ _____ болса, халықтың,
Бәріне _____ де, _____ де игілік ет.
Кісіге екі дүниеде _____ нәрсе –
Ізгі іс немесе _____ түзулік.
Екіншісі – _____ , үшіншісі – _____,
Бұл үшеуі арқылы адам _____ _____ табады.
Ісі _____ болса, бүкіл _____ сүйеді,
Іс _____ болса, _____ шығады.
Кісіге өте _____ үш нәрсе бар:
Бірі – ._____ істен қасарысып айрылмаса,
Тағы бірі – жалған _____ шұғылданса,
Тағы бірі – _____, ол есебін тауып,
Бұлар – үш нәрсе. Үшеуі _____ ісі.
Адам анадан _____ боп туа ма?
Әлде _____ жетілгеннен кейін үйрене ме?
Бақытты Елік,
Игіліктің аты – _____ мен ақыл.
Бала білімсіз туады. _____ үйренеді.
Білім алса, кейін _____ шығады.

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыздар.*

«Адам ... данышпан боп туа ма? Әлде жасы жетілгеннен кейін ... ме?»

1) білім, алсаң
2) ақылдан, басқа
3) ізгі, іс
4) анадан, үйрене

*2. Сөйлемдегі тірек сөзді анықтаңыздар.*

Бәріне ісіңмен де, сөзіңмен де игілік ет.

1) бәріне
2) сөзіңмен
3) ісіңмен
4) игілік ет

*3. Асты сызылған сөздердің синонимдік қатарын көрсетіңіздер.*

**Кісіге** екі дүниеде пайдалы **нәрсе** – ізгілік іс немесе мінезі түзулік.

1) адамға, зат
2) сәбиге, кітап
3) балаға, көйлек
4) үлкенге, машина



## ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ
## (XII ғ.)

Қожа Ахмет Йасауи – сопылық дүниетанымның негізін қалаушылардың бірі, ислам әлеміндегі ойшыл қайраткер, көрнекті ақын.Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» (Хикмет жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады.«Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, оның ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

• Қожа Ахмет Йасауи кім? Ол қай кезеңде өмір сүрген?

• Қожа Ахмет Йасауи есімімен қай қаланы байланыстыруға болады?

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*2. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

**Диуани Хикметтен үзінді**

...Жеті жаста Арыслан бап Түркістанға келді.
Басымды қойып жыладым, *халімді* көріп күлді.
Мың бір *зікір* үйретіп, *мейірбандық* жасады.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – *тәбәрік.*
Құрма туралы сөз еттім, маған айбар жасады.
Ей, би әдеп, *көдек* деп асасын алып қуды.
Айбарынан қорықпадым, маған қарап тұрды.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.
Аузыңды аш, ей көдек, *аманатыңды* берейін.
Мазалысын (дәнін) жұтпадым,
аш аузыңды, салайын.
Хақ пайғамбардың бұйрығын
үмбет болсам, қылайын.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.
Аузымды аштым. Салды.
*Құрманың* иісі май етті.
Екі ғаламнан безіп, оллаһи болдым хақты,
жан-тәнімен сүюші.
Қожа, молда жиылды,
Қолдан-қолға тигізбей алып жүрді.

***хал*** – бойдағы қуат, әл-дәрмен, шама
***зікір*** – алла тағаланы еске алу, оны ұмытпай, үнемі ойлау
***мейірбандық*** – қайырымдылық, қамқорлық
***тәбәрік*** – олжа, үлес, сыйлық
***көдек*** – жасөспірім, жеткіншек
***аманат*** – сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат, нәрсе
***Құрма*** – аса ыстық Аравия, т.б. жерлерде өсетін, эбден тұқымдасына жататын, пальма туыс ағашының жемісі

Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.
Бабам айтты: Ей, балам, маған әдеп қылмадың.
Бес жүз жыл ұртымда сақтап едім мен саған.
Дәнін сіз алып, етін (сыртын) маған бердіңіз.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.
Бабам айтты: Ей, балам, қасымда тұр, өлейін.
Жаназамды оқып көм, жан тәсілім қылайын.
Медет берсе, Мұстафа ғарыш биігіне шығайын.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.
Жылап айттым, ей баба, жас көдекпін, білмеймін.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қ.Йасауи Арыслан бап деп кімді айтып отыр?
- «Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесіздер? Неге Арыслан баптың сөзін «тәбәрік» дейді?
- Арыслан бап не туралы айтқанды ұнатпады?
- Құрма жемісінің мұсылмандар үшін маңызы қандай?

*4. Үзіндіні тағы бір оқып шығыңыздар. Пікірталас жүргізу үшін сұрақтар дайындаңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*5. «Киелі Түркістан» тақырыбына әңгіме жазыңыздар.*

_____
_____
_____
_____
_____

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

...Жеті жаста ..... Түркістанға келді.
Басымды қойып жыладым, халімді көріп күлді.
Мың бір зікір үйретіп, ..... жасады.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – ..... .
..... туралы сөз еттім, маған айбар жасады.
Ей, би әдеп, көдек деп асасын алып қуды.
..... қорықпадым, маған қарап тұрды.
Арыслан бабам сөздерін естіңіз – тәбәрік.

| | |
|---|---|
| 1) Йасауи | 1) ақылдылық |
| 2) Білге қаған | 2) адамгершілік |
| 3) Арыслан бап | 3) мейірбандық |
| 4) Тонықөк | 4) парасаттық |

| | | |
|---|---|---|
| 1) бата | 1) құрма | 1) сұсынан |
| 2) тәрбие | 2) дән | 2) айбарынан |
| 3) тәбәрік | 3) мейіз | 3) күшінен |
| 4) тілек | 4) өрік | 4) көңілінен |

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

| | |
|---|---|
| 1) жазба | а) мұра |
| 2) асыл | ә) ескерткіш |
| 3) рухани | б) дерек |
| 4) тарихи | в) қазына |

*3. «Хикмет» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

1) адамның керемет ісі
2) адамның ғажайып ісі
3) адамның ақылына келмейтін ғажайып іс
4) адамның ғажайып әңгімесі

## АХМЕТ ЙҮГҮНЕКИ
## (XII ғ.)

Ахмет Йүгүнеки – Түркістан қаласының маңындағы Жүйнек деген жерде дүниеге келген ақын. Ол адамгершілік, тәлім-тәрбие мәселелеріне байланысты туындылар жазған.

Ахмет Йүгүнеки «Ақиқат сыйы» атты шығармасы 460 өлең жолынан тұрады. Мұнда тәлім-тәрбие мәселелері жырланады.

*1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ахмет Йгүнеки кім болған?
- Оның қандай шығармасын білесіздер?

■ ОҚИМЫЗ

*2. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

### Ақиқат сыйы

*Бірінші сөз: білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы*

*Білім* туралы айтамын. Сөзіме ден қой.

Уа, дос. Өзіңді білімдіге жақын тұт.

Бақыт жолы білім арқылы білінеді.

Білім ал, бақыт жолын изде.

*Білімді* кісі *бақытты* динар сияқты.

*Білімсіз надан* – құны жоқ бақыр.

Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді?

Білім алған ер халыққа белгілі болады.

Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты.

Білімді адамның өзі өлгенімен, аты өлмейді.

Білімнің арқасында *ғалым* жоғары көтеріледі.

***білім*** – оқу, үйрену-мен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік, ақыл-парасат, ой-өріс

***білімді*** – көп оқыған, білімдар
***бақыт*** – адамның тілегінің орындалып, қуанышқа келуі
***білімсіз*** – сауаты жоқ, надан
***надан*** – көрсоқыр, топас
***ғалым*** – ақыл-ой иесі, ұлама

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*3. Үзіндіден түбірі ортақ сөздерді тауып, салыстырыңыздар.*

*4. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Білім туралы айтамын.<br>Білім ал,<br>Білімді адамның өзі өлгенімен, | бақыт жолын ізде.<br>аты өлмейді.<br>сөзіме ден қой. |

*5. Сұраққа жауап беріңіздер.*

- Білімсіз адамды Ахмет Йүгүнеки неге теңейді?

## ■ ОҚИМЫЗ

*6. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

*Екінші сөз: тілді тыю – әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігі туралы*

Әдептіліктің басы – *аузын бағу.*

*Тіліңді тарт*, тісің сынбасын.

Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – *сөздің асылы,*

Тілін тартпаған кісіні ақылды деуге бола ма?

Адамды тіліңмен *өшіктірме,* біліп қой.

*Тіл жараласа*, жазылмайды, оқ жарасы жазылады.

***аузын бағу*** – байқап сөйледі, абайлады
***тілін тарту*** – сөзді доғару, абайлап сөйлеу, қысқарту
***сөздің асылы*** – мәнді-мағыналы
***өшіктіру*** – егесу, ерегісу, қастасу
***тіл жараласа*** – жаман сөзбен балағаттау, ащы, өткір

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*7. Үзіндіден сын есім сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіздер.*

*8. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Әдептіліктің басы –<br>Ойланып сөйлеген кісінің сөзі –<br>Тіл жараласа, | сөздің асылы<br>жазылмайды<br>аузын бағу |

*9. Сұраққа жауап беріңіздер.*

- Әдептілік пен тәртіптіліктің қандай шарттары бар?

***жомарт*** – қолы ашық, береген, мырза
***сөгіс*** – қатені түзету үшін кінәлап бетке айтылатын ауыр сөз
***жібімейтін көңіл*** – көңілі қалған, беті қайтқан, ренжіген
***зиялы*** – оқыған, сауатты азамат
***қарапайым*** – жұпыны, жай қатардағы
***сараңдық*** – ешнәрсесін бермейтін қытымыр адам
***құрметтісі*** – сыйлысы, қадірлісі
***ұлықтық*** – жоғары мәртебелі әкім, төре болушылық
***өз қалпың*** – жаратылысыңнан, сол бетіңнен
***атлас*** – бір жақ беті жылтырауық, жібек мата
***бөз*** – мақтадан тоқылатын, жұқа, арзанқол ақ мата

## ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚАМЫЗ

*10. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

*Үшінші сөз: жомарттың қайырымдылығы және сараңның қассыздығы туралы*

Барлық ел *жомарттың* жақсылығын айтады.

Жомарт бол. Саған сөз де, *сөгіс* те келмейді.

*Жібімейтін* көңілді жомарт кісі жібітеді.

Жомарттықты әрі *зиялы*, әрі *қарапайым* халық мақтайды.

*Сараңдық* – емдегенмен, жазылмайтын ауру.

Жомарт ер – халықтың *құрметтісі.*

Құдай саған берген екен, сен де бер.

*Ұлықтыққа* қолың жетсе, *өз қалпыңнан* жаңылма.

Егер *атлас* кисең, бір кезде *бөз* кигеніңді ұмытпа!

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*11. Үзіндіден сын есім сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіздер.*

*12. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, келесі жартысын оң жағынан тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Жомарт бол.<br>Сараңдық –<br>Ұлықтыққа қолың жетсе,<br>Егер атлас кисең, | емдегенмен, жазылмайтын ауру.<br>саған сөз де, сөгіс те келмейді.<br>бір кезде бөз кигеніңді ұмытпа!<br>өз қалпыңнан жаңылма. |

*13. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жомарттықты ақын қалай сипаттайды?
- Жомарттықтың антонимі қай сөз?
- «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді қалай түсінесіз?

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*14. Берілген үзіндідегі түсіп қалған сөздерді орнына қойып жазыңыздар.*

Білім ал _____жолын ізде.
_____ кісі бақытты динар сияқты.
Білімсіз надан – _____ жоқ бақыр.
Білімді мен _____ қашан тең болып еді?
Білім алған _____ халыққа _____ болады.

Білімсіз _____көрде жатқан өлік сияқты.
_____ адамның өзі өлгенімен, аты өлмейді.
Білімнің арқасында _____ жоғары көтеріледі.

*15. Ойын.*

1. Берілген ағаштың әр бұтағына «жомарт адамның» қасиеттерін жазыңыздар.



*16. Сараң адамның қасиеттерін жазыңыздар.*

_____
_____
_____

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыздар.*

... мен ... қашан тең болып еді?
Білім алған ... халыққа белгілі болады.

1) надан, халық, адам
2) білімді, білімсіз, ер
3) жолын, бақытты, тең
4) жоғары, білімнің, ұлықтық

*2. Сөйлемдегі тірек сөзді анықтаңыздар.*

Жомарттықты әрі зиялы, әрі қарапайым халық мақтайды.

1) сараңдық
2) жазылмайтын
3) жомарт
4) құрметті

*3. Асты сызылған сөздердің синонимдік қатарын көрсетіңіздер.*

Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – **<u>сөздің асылы</u>**.

1) сөздің құрылымы
2) сөздің өзі
3) сөздің мәйегі
4) сөздің антонимі

## «КОДЕКС КУМАНИКУС» СӨЗДІГІ (XIY ғ.)

Кодекс Куманикус (Қыпшақ тілінің сөздігі) – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап (латын әліпбиінде қалыптасқан қысқаша атауы – CC), 82 парақтан (164 бет) құралған қолжазба.

Кітаптың жалғыз данасы Венецияда, әулие Марк шіркеуінің кітап сақтау қорында тұр. Сөздікте қыпшақ күнтізбесі және ауыз әдебиеті материалдары, сонымен қатар латын-парсы-қыпшақ және қыпшақ-неміс-латын сөздіктері бар, көптеген сөздерге түсініктемелер және аудармалармен қатар елуге жақын көне қазақ жұмбақтары және көлемі шағын бірнеше христиандық сипаттағы діни әңгімелер беріледі.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Кодекс Куманикус сөздігін білесіздер ме?
- Сіздер қандай сөздіктерді жиі пайдаланасыздар?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*2. Үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

**«Кодекс Куманикус» сөздігі. Жұмбақтар**



Тап,тап: тамшы,
таматын тамшы,
көлеңкесі бар жанатын
жалынды *тамшы*.
(көбелек)



Ақ *отаудың* аузы жоқ.
(жұмыртқа)



Күн алдынан елші келер –
Күміс *кернейді* тарта келер;
Ай алдынан елші келер –
Алтын кернейді тарта келер.
(жарық)



Көкше лағым *көгенде* жатып семірер.
(қауын)

***тамшы*** – сұйық заттың ең кішкене бөлігі

***отау*** – кіші үй

***керней*** – үрлемелі музыкалы аспап

***көген*** – ұзын жіп, арқан

*Қорамсақ* жалғыз, оқтарым сансыз.
(аспан және жұлдыз)
Тәңірден түскен тоқпақ –
Төрт аяқты кішкентай аң.

(кірпі)




Қызыл *балақты,* жабулы,
Алтын басты, шоқпарлы.

(тырна)




Кешке келер қара *лақ*,
Таңертең барар қара лақ.

(түнлік)




Бұл барды – *ізі* жоқ.

(кеме)



Отырғаным оба жер,
басқаным мыс *бақырлар*.

(үзеңгі)



***қорамсақ*** – садақ оғын салып жүруге арналған қалта

***балақ*** – құстардың табаннан жоғарғы жері

***лақ*** – ешкінің төлі

***ізі*** – жүрген жолы

***бақыр*** – ыдыс

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сіздер жұмбақ білесіздер ме?
- Жұмбақтың қандай тәрбиелік маңызы бар?

*4. Жұмбақтарды оқып, шешуін қараңыздар. Бір-бірлеріңізге жұмбақ жасырыңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*5. Жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер және табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтар жазыңыздар. Оларды Кодекс Куманикусте берілген жұмбақтармен салыстырыңыздар.*

_____

_____

_____

_____

_____

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

а) ..... аузы жоқ.

1) Ақ үйдің
2) Ақ отаудың
3) Ақ бұршақтың
4) Ақ бидайдың

ә) .....жалғыз, .....сансыз.

1) Оқ, мылтық
2) Қорамсақ, оқ
3) Оқ, жебе
4) Қылыш, оқ

б) ..... елші келер –
Күміс кернейді тарта келер;
..... елші келер –
Алтын кернейді тарта келер.

1) Күн артынан, ай артынан
2) Күнге қарай, айға қарай
3) Күн алдынан, ай алдынан
4) Күн батардан, ай туардан

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

| | |
|---|---|
| 1) жұмбақтың | а) сөздігі |
| 2) оқу | ә) еңбегі |
| 3) зерттеу | б) шешуі |
| 4) Кодекс | в) Куманикус |

*3. «Факсимиле» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

1) қолжазба, құжат, түпнұсқа
2) қолжазба, қолтаңба, түпнұсқа
3) қолжазба, хат, түпнұсқа
4) қолжазба, көшірме, түпнұсқа

## АСАН ҚАЙҒЫ
## (XIV ғ.)



Асан Қайғы – қазақ жырауы. Оның шығармаларында ел бірлігі, батырлық, ел болашағы туралы жырланды.

Асан Қайғының «Еділ бол да, Жайық бол» өлеңінде ел бірлігін күшейтудің шарттары беріледі.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Өлеңді зейін қойып тыңдаңыздар. Оқыңыздар.*

**Еділ бол да, Жайық бол**

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен *ұрыспа.*
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп *тұрыспа.*
Ердің *құны* болса да,
Алдыңа келіп тұрған соң,
*Қол қусырып* барған соң,
Аса *кеш* те қоя бер,
Бұрынғыны *қуыспа.*

***ұрыспа*** – соғыспа, айқаспа, төбелеспе
***тұрыспа*** – бір орнында тұрып қалма
***құн*** – қадір-қасиет
***қол қусыру*** – бағыну, тағзым ету
***кеш*** – кешір
***қуыспа*** – біреудің соңына түспе

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Еділ мен Жайық өзендерін білесіз бе? Олар Қазақстанның қай аймағында орналасқан?
- Асан Қайғы неліктен «Еділ бол да, Жайық бол» деген өсиет айтқан?
- Ақын ел бірлігін күшейту жолдарын қалай көрсетеді?

*3. Өлеңдегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөздерді табыңыздар.*

*4. Өлеңнің мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.*

*5. Адамдар арасындағы **сыйластық, достық, бауырластық, туыстық** қасиеттер жайлы өлеңнің қай жолында көрсетілген?*

*6. Өлеңнің негізгі мағынасын білдіріп тұрған сөздерді көрсетіңіздер:*

1. байлық, дүние жинау
2. ақша, алтын
3. достық, туыстық, бірлік

*7. Өлеңді жаттап алыңыздар.*

■ ЖАЗАМЫЗ

*8. «Еділ бол да, жайық бол» өлеңін өз сөзіңізбен әңгімелеп жазыңыз.*

_____
_____
_____
_____
_____
_____

*9. Жыр жолдарын өзгертіп, өзіңіз ұйқас құрып, өлең жазып көріңіз.*

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Сөйлемді толықтырып жазыңыздар.*
Ерлердің құны болса да,
Алдыңа келіп тұрған соң,
Қол қусырып барған соң,
_____,
Бұрынғыны қуыспа.

1) Ешкімменен ұрыспа
2) Жолдасыңа жау тисе
3) Аса кеш те қоя бер
4) Жаныңды аяп тұрыспа

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

| | |
|---|---|
| 1) жау | а) құны |
| 2) ердің | ә) келіп |
| 3) қол | б) тисе |
| 4) алдыңа | в) қусырып |

## ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ
## (1490-1523)



Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туған. Болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Өленнің бір шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
*Тобыршығы* биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды *сарты* нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
*Дулыға* кидім, өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде,
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен,
Бүгін, соңды өкінбен.

Өкінбен → өкінбедім → өкінген жоқпын

***тобыршық*** – ағаштан жасалған заттың ортасына қағылған жалғыз шегені айналып тұратын ағаш
***сарт*** – ұйғыр, тәжік, өзбек секілді саудамен айналысатын қала жұрты
***дулыға*** – батырлар соғыста басына киетін темір бас киім

*2. Берілген сөздердің мағынасымен танысып, сөйлем құрыңыздар.*

Топ – адамдардың басы қосылған шағын жиын, бір шоғыр.
Көш – бір жерден екінші жерге ауысу, қоныс аудару.
Тұлымшақ – өруге келмейтін әдейі қалдырған шаш, тұлым.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*3. Сөздікті пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- "Тоғай су" жөнінде не білесіздер?
- Ақын өленде тұлпарын қалай сипаттайды?
- Ақын жырда батырдың қандай бас киімі туралы сөз етеді?
- Кейіпкердің көңіл-күйі қалай суреттелген?
-

### ■ ОЙТҮЙІН

*4. Автор жырда не туралы айтқысы келді? Әңгімелеңіз.*
*5. Өлендегі негізгі ойды табыңыздар.*

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*6. Жырда ақын қандай іс істегеніне өкінбейтіндігін айтады?*

*7. Сіз өзіңіз істеген әрекетіңізге өкінген кезіңіз болды ма?*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*8. Өлеңнің жартысын кестенің сол жағынан (1), келесі жартысын оң жағынан (2) тауып, тұтас өлең жолын жазыңыздар.*

| 1 | 2 |
|---|---|
| Тоғай, тоғай, тоғай су,<br>Толғамалы ала балта қолға алып,<br>Тобыршығы биік жай салып,<br>Тоғынды сарты нар жегіп, | Дүспан аттым, өкінбен.<br>Көш түзедім, өкінбен.<br>Тоғай қондым, өкінбен.<br>Топ бастадым, өкінбен. |

_____

_____

_____

_____

_____

_____

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жазыңыздар.*

_____ тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым _____.

1) тоғай, өкінбен
2) өкінбен, топ бастадым
3) тоғай, қолға алып
4) тоғай, нұрланып

*2. Артық сөзді табыңыздар.*

1) тоғай, орман, сана, ну
2) серік, жолдас, дос, дүние
3) дулыға, қалпақ, бөрік, зат
4) той, мейрам, мереке, ел

## БҰҚАР ЖЫРАУ
## (1668-1781)



Бұқар – XVIII ғасырдың екінші жартысында хандық құрған Абылайдың кезінде өмір сүрген жырау.

■ ОҚИМЫЗ

*1. Жырдың бірінші шумағын мәнерлеп оқып шығыңыздар.*

**Әлемді түгел көрсе де**

*Әлемді* түгел көрсе де,
*Алтын үйге* кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де –
*Қызыққа тоймас* адамзат!

***әлем*** – дүние жүзі
***алтын үй*** – бағалы, қымбат үй
***қызыққа тоймас*** – әлемді танысам, білсем деген танымдық қызығушылық

■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Сөздіктен қараңыздар.*

- «Әлем» деген сөзді естігенде, көз алдарыңызға нені елестетесіздер?
- Ақын «Алтын үй» деп нені айтып тұр?
- «Ай нұрын ұстап міну» деген фразеологизмнің мағынасын білесіз бе?
- Әлемді түгел көрсе де,
  Алтын үйге кірсе де,
  Қызыққа тоймас адамзат! – дегенді қалай түсінесіздер?

*3. Керекті сөзді қойып, өлең жолдарын толықтырыңыздар.*

Әлемді түгел _____ де,
Алтын үйге _____ де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап _____ де –
_____ тоймас адамзат!

*4.Бірінші шумаққа тақырып қойыңыздар.*

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*5. Жырдың екінші шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқып шығыңыздар.*

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
*Қисынсыз* күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

***қисынсыз*** – жөнсіз, ретсіз, орынсыз

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*6. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Жаңа сөздерді сөздіктен қараңыздар.*

- «Ілімді түгел білу, қызығын қолмен бөлу» деген тіркестерді қалай түсінесіздер?
- «Қисынсыз күйге түсу» деген тіркестің мағынасын білесіз бе?
- «Ілімді түгел білсе де,
  Қызығын қолмен бөлсе де,
  Қисынсыз күйге түссе де –
  Өмірге тоймас адамзат!» – деп жырау неге айтқан?

*7. Керекті сөзді қойып, өлеңнің әрбір жолын бір-бірлеріңізге түсіндіріңіздер.*

«Ілімді түгел _____ де,
Қызығын қолмен _____ де,
Қисынсыз күйге _____ де –
_____ тоймас адамзат!»

*8. Екінші шумаққа тақырып қойыңыздар.*

## ■ ОҚИМЫЗ

*9. Жырдың үшінші шумағын мәнерлеп оқып шығыңыздар.*

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
*Қалжырап*, көңілі қарайып,
*Қарауытып көзі* тұрса да –
*Үмітін қоймас* адамзат!

***қалжырау*** – шаршау
***көзі қарауыту*** – көзіне қарайып көріну
***үмітін қоймау*** – үмітін үзбеу, сенімін жоғалтпау

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*10. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жырау «Ажал жақындап келіп, жанына батса да, көзі қарауытып шаршаса да, адамзат болашақтан үмітін үзбейді» деп неге айтқан?
- "Үмітін қоймас адамзат" деген өлең жолын бір-біріңізге түсіндіріңіздер.

*11. Керекті сөзді қойып, өлең жолдарын толықтырыңыздар.*

Жақындап ажал _____ да,
Жанына қылыш _____ да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қарауытып көзі _____ да –
_____ тоймас адамзат!

*12. Жырдың үшінші шумағына тақырып қойыңыздар.*

■ ЖАЗАМЫЗ

*13. Төмендегі кестеге жырдың мазмұны бойынша сөздерді тауып жазыңыздар.*

| Қызыққа тоймас адамзат | Өмірге тоймас адамзат | Үмітін қоймас адамзат |
|---|---|---|
| _____<br>_____<br>_____ | _____<br>_____<br>_____ | _____<br>_____<br>_____ |

■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Шумақтағы көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыздар.*

Әлемді түгел _____де,
Алтын үйге _____де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де –
Қызыққа тоймас адамзат!

1) көрсе де, кірсе де
2) барса да, тұрса да
3) көрсе де, жүрсе де
4) бөлсе де, түссе де

*2. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазыңыздар.*

Ілімді түгел _____де,
Қызығын қолмен ._____де,
Қисынсыз күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

1) көрсе де, кірсе де
2) көрсе де, жүрсе де
3) білсе де, бөлсе де
4) бөлсе де, түссе де

*3. «Әлемді түгел көрсе де» жырының мазмұны кім туралы?*

1) адам
2) адамзат
3) табиғат
4) қоғам

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ № 293297



## АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ
(1675-1768)

Ақтамберді – атақты жырау, қолбасшы батыр. Оның жырларында ерлік пен батырлық, ел қорғау мәселелері туралы айтылады.

Ақтамбердінің «Балаларыма өсиет» өлеңінде елдің бірлігі мен амандығы сөз болады.

*1. Өлеңнің тақырыбын оқыңыздар.*

- Өлең кімдерге арналған?
- Қандай өсиет сөздерді білесіздер?

■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

### Балаларыма өсиет

***кепиет*** – кесір, кесапат
***білек*** – қара күш, мықты
***қасиет*** – әр затқа тән айрықша белгі, ерекшелік

*2. Өлеңнің бірінші шумағын тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар *кепиет,*
Бірлігіңнен айрылма,
*Білекте* бар *қасиет.*

*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын ел бірлігінің мықты болу керектігін қалай білдіреді?
- «Білек» дегенді қалай түсінесіздер? Оны басқаша қалай айтар едіңіздер? Неге ақын «бар қасиет білекте» дейді?
- Сіздер бар қасиет неде деп ойлайсыздар? «Бірлік пен білектің» қандай байланысы бар?
- Осы шумақтағы негізгі ойды айтыңыздар.

***татулық*** – ынтымақтастық
***береке*** – ырыс, ауызбіршілік
***келеке*** – келемеж, мазақ
***алты ауыз*** – ауыз бірлігі жоқ
***араз болу*** – тату емес, өкпелі
***әреке*** – бүлік, лаң

*4. Өлеңнің екінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

*Татулық* болар *береке,*
Қылмасын жұрт *келеке.*
*Араз болсаң алты ауыз,*
Еліңе кірген *әреке.*

*5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын татулықты немен түсіндіреді?
- Береке деген не? Қалай түсінесіздер?
- Береке қай кезде болады деп ойлайсыздар?
- «Келеке» дегенді қалай түсінесіздер?
- Ақын нені «әреке» деп айтып тұр? Оны басқаша қалай айтар едіңіздер?
- Осы шумақтағы негізгі ойды айтыңыздар.

*6. Өлеңнің үшінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

*Талпынып* салдым *егінді,*
Ішсін деп әркім *тегінді.*
Ақылың барың *ұғарсың,*
Ойың болса *сезімді.*

***талпыну*** – тырысу
***егін*** – дәнді дақылдар, егіс
***тегін*** – ақысыз, пұлсыз
***ұғу*** – түсіну
***сезім*** – сезімтал, сезу қабілеті мол

*7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын халыққа қандай еңбек етті?
- Өлеңнен ақынның егінді не үшін салғанын тауып айтыңыздар.
- Не себепті ақын: «Ақылың барың ұғарсың,
- Ойың болса сезімді» – дейді?

*8. Өлеңнің төртінші шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Бар арманым, айтайын,
Ел *аман болсын ылайым.*
Тілегім берді бәрін де,
*Разымын*, құдайым!

***аман болу*** – сау-сәлеметте болу
***ылайым*** – әрдайым, әрқашан
***разымын*** – риза болу

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*


- Ақынның арманын өлеңнен тауып көрсетіңіздер.
- Сіздің арманыңыз бар ма? Қандай?
- Ақын неге «ризамын, құдайым» дейді?
- Осы шумақтағы негізгі ойды айтыңыздар.

*10. Өлеңді қайта оқып шығып, мазмұнын айтыңыздар.*

*11. Өлең неліктен «Балаларыма өсиет» деп аталады?*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*12. Өлең мазмұны бойынша Ақтамберді жыраудың өсиетін ретімен жазыңыздар.*



■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Өлеңдегі көп нүктенің орына қажетті сөзді қойып жазыңыздар.*

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айрылма,
... бар қасиет.

1) жүректе
2) ақылда
3) білекте
4) күште

*2. Көп нүктенің орнына өлеңнің жолын тауып қойыңыздар.*

Татулық болар береке,
.....
Араз болсаң алты ауыз,
Еліңе кірген әреке.

1) Ақылың барың ұғарсың
2) Қылмасын жұрт келеке
3) Қылмаңыздар кепиет
4) Разымын, құдайым

*3. Өлеңнің мазмұны не туралы?*

1) Ел бірлігі мен амандығы
2) Елдік пен батырлық
3) Ақыл мен білім
4) Өнер мен мінез

## ШАЛ АҚЫН
## (1748-1819)



Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген.

Бала Тілеуке он бес жасында-ақ даңқы шығып, Шал (өткір, ұшқыр) ақын аталады да, өнер жолына түседі. Ол – шебер ақын. Шал ақынның қаламынан шыққан сом еңбектері – тәлім-тәрбиелік мәні бар үлгі дүниелер.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Берілген өлең шумақтарын зейін қойып тыңдаңыздар.*

Әр жерде *қадір, құрмет* көрген жанмын,
Жақсы менен жаманды білген жанмын.
Жайымды сіз білмейсіз, мен *жорға тай,*
Тайпалып талай топқа кірген жанмын.

Жақсылар бізді есінен тастамаған,
Өнерсіз деп жаманға бастамаған.
*Қария* қазақ, ноғай естіген жан,
*Ұрынбаған* қалмады жаста маған.

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
*Әзілден мерт* болады артық қазған.
Өткен іске *өкінсем* өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан.

***қадір*** –жақсы қасиет, бедел, сый-құрмет
***құрмет*** – қадір, қасиет, сый
***жорға тай*** – бір нәрсеге жүйрік, жетік, майталман
***қария*** – көп жасаған адам, қарт
***ұрыну*** – бір нәрсеге қақтығу, соқтығу
***әзілден мерт болу*** – зілсіз қалжыңнан опық жеу
***өкіну*** – опық жеу, қапы қалу

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Өленде сіздерге таныс сөздер болды ма?
- Үзіндіде не туралы айтылған?
- «Құрмет көру» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?
- Ақын нені білген?
- Ақынның «Жақсылар» деп отырғаны кімдер?
- «Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам» деп ақын нені айтады?

### ■ ОҚИМЫЗ

*3. Берілген өлең шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.*

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ, кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман, болса-дағы,
*Парасат* кей *шаһбазда ой* болады.

***парасат*** – ақыл-ой, сана-сезім
***шаһбаз*** – сабаз,
***ой*** – ақыл, ес, сана

Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,
Сүйресең де жақсы іске бұрмас өзін,
*Надандар* асыл білмес *сутас* көрсе,
Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін.

Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін *жалқау* жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келсе-дағы,
*Білімсіз* сондай жанды бала деп біл.

*4. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын не себепті «жақсының жүрген жері той» дейді?
- Ақын жақсыны неге теңеген?
- Ақын жаман, надан адамдарды қалай суреттеген?
- Ақын «дана» деп кімді айтады? «Жалқау» деп кімді айтқан?

***надан*** – білімсіз, оқымаған
***сутас*** – кіршіксіз таза, мөлдір минерал
***жалқау*** – мойыны жар бермейтін еріншек
***білімсіз*** – сауаты жоқ, надан

## ■ ОҚИМЫЗ

*5. Берілген өлең шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.*

*Шешен* сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жақсы сол – істер ісін *тәмамдаса.*
Апу-күпу дегенмен *әулие* емес,
Күнәсы *күнә* үстіне жамалмаса.

Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан *дұға* алмаса.
*Молла* есімін алған жан толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жұға алмаса.

***шешен*** – тілмар, тапқыр
***тәмамдау*** – аяқтау
***әулие*** – айтқаны келетін сәуегей адам
***күнә*** – айып, қылмыс, жаза
***дұға алу*** – білім, тәрбие алу, бата алу
***молла*** – құранды, діни ғибадатты жақсы білетін дін адамы

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Шешен қандай болуы керек?
- Қандай жанды «Жақсы адам» деуге болады?
- Ақын қандай адамдарды «жаман» дейді?
- Ғалым болу үшін кімдерден бата алу керек?

*7. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.*

*Үлгі:* қадір, құрмет көрген – сыйлаған
Жақсы менен жаманды білген – _____
Есінен тастамау – _____
Шаһбаздың ойы – _____
Ұстаздан дұға алу – _____

*8. Өлеңнің мазмұнын өз сөздеріңізбен айтыңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*9. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан, (1) келесі жартысын оң жағынан (2) тауып, тұтас сөйлемдер жазыңыздар.*

| 1. | 2. |
|---|---|
| Жамандар тыңдамайды<br>Шешен сол –<br>Сүйресең де жақсы іске<br>Молла есімін | бұрмас өзін<br>алған жан толып жатыр<br>сөйлер сөзден қамалмаса<br>жақсы сөзін |

*10.Өлең мазмұнын әңгіме түрінде жазыңыздар.*

*Үлгі:* Шал ақын – жүрген жерінде қадір-құрмет көрген жан. Ол – талай топта жүріп, жақсы мен жаманды ажыратқан ақын.

_____

_____

_____

_____

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жазыңыздар.*

Адамды жөн білетін ..... деп біл.
Істерін жалқау жанның ..... деп біл,
Құр жасы елулерге ..... ,
Білімсіз сондай жанды ..... деп біл.

1) қала, дана, сана, берсе-дағы
2) пана, шала, дала, келсе-дағы
3) келсе-дағы, берсе-дағы,айтса-дағы
4) дана, шала, келсе-дағы, бала

*2. Берілген үзіндідегі түсіріліп берілген сөздерді көрсетіңіздер.*

Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,
Сүйресең де жақсы іске бұрмас өзін.
_____,
Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін.

1) Замандас құрбың келсе қадірін біл
2) Надандар асыл білмес сутас көрсе
3) Бір құдай сөйлесін деп тіл жаратқан
4) Молла есімін алған жан толып жатыр

*3. Қажетті нұсқаны көрсетіңіздер.*

Шал ақын шешенге қандай баға берді?

1) жақсы сөзді ұға алмаса
2) сөйлер сөзден қамалмаса
3) істер ісін тәмамдаса
4) тіршілікте тебіреніп қал



## ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ
(1802-1871)

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Семей облысының Аягөз ауданында туған. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашқан.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*1. Өлең шумақтарын тыңдаңыздар және оқыңыздар.*

*Асқар* таудың *сәні* жоқ:
Төрт түліктің қонысы,
Басылмайтын сонысы,
*Көкмайса* белі болмаса.



**асқар** – зәулім биік, заңғар
**көкмайса** – шөбі мол, жасыл шалғынды
**сәні** – әдемі, жарасымды өң беріп, жайнатып жіберетін көрік, жарасым, салтанат

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*2. Жоғарыдағы сөздер мен өлең шумағын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қандай тауды «Асқар тау» деп айтады?
- Ақын «асқар таудың сәні жоқ» деп нені айтқысы келді?
- «Көкмайса бел» деген тіркесті қалай түсінесіздер?
- «Төрт түліктің қонысы – көкмайса бел», – деп неге айтылған?

*3. Өлең шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Өзен судың сәні жоқ:
Өрлеп құлай қонатын,
*Жағасы* малға *толатын,*
*Аймақты* елі болмаса.

**жаға** – өзеннің, көлдің, арықтың жиегі
**толы** – көп, мол
**аймақ** – өлке, атырап

*4. Жоғарыдағы сөздер мен өлең шумағын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Өзеннің сәні не деп ойлайсыздар?
- Ақын «Өзен судың сәні» деп нені айтады?
- «Жағасы малға толу» – деген ойды қалай түсінесіздер?

*5. Өлең шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

Ақ ауылдың *сәні* жоқ:
Топталып жылқы *үйездеп,*
*Ноқталы* құлын күйездеп,
Тартқан желі болмаса.

**үйездеп** – күннің ыстық кезінде жылқының, қойдың шыбыннан қорғанып, топтанып тұруы
**ноқталы** – мал басына кигізетін ауыздығы жоқ жүген тәрізді әбзел

*6. Жоғарыдағы сөздер мен өлең шумағын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын неге ауылды «ақ ауыл» деген?

- Ақын «Ақ ауылдың сәні жоқ» деп нені айтқысы келді?
- «Үйездеп» деген сөзді қалай түсінесіздер?

*7. Өлең шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

*Шешендіктің* сәні жоқ:
Сөзіне *сүттей* ел ұйып,
*Қолтығына* ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса.

*8. Жоғарыдағы сөздер мен өлең шумағын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Шешендік» деген сөздің мағынасын білесіз бе?
- Ақын « Шешендіктің сәні» деп нені айтады?
- «Сөзіне сүттей ел ұйып» деген сөз тіркесін қалай түсінесіздер?

***шешендік*** – тілмарлық, сөзге жүйріктік
***сүттей ұю*** – тату-тәтті, ынтымақта болу
***қолтығы*** – белгілі бір мекенжайдың немесе орман-тоғай, сай-саланың тасалау, ықтасындау жері

## ■ ОҚИМЫЗ

*9. Өлең шумағын мәнерлеп оқыңыздар.*

*Би* мен *бектің* сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса.
*Тура жолға* салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына *тоңбаса.*

*10. Жоғарыдағы сөздер мен өлең шумағын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ақын осы өлең шумағында кімдер туралы айтады?
- «Би» деп кімді айтамыз?
- Тура жол дегеніміз қандай жол?
- «Тура жолға салу» – деген ойды қалай түсінесіздер?
- «Ыстығына күю, суығына тоңу» – деген тіркестер қандай мағынаны білдіреді?

***би*** – дау-жанжалға бітім айтушы
***бек*** – феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, рубасы, ел билеушісі
***тура жол*** – дұрыс бағыт беру
***ыстыққа күю, суығына тоңу*** – жақсылық-жамандығын тең бөлісу, ауыртпалығын бірдей көру

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*11. Өлеңді толығымен қайталап тыңдап, бос жерлерге тиісті өлең жолдарын қойып, өлеңді қалпына келтіріп жазыңыздар.*

Асқар таудың сәні жоқ:
_____,
Басылмайтын сонысы,
_____.
Өзен судың сәні жоқ:
_____,
Жағасы малға толатын,

_____.
Ақ ауылдың сәні жоқ:
_____,
Ноқталы құлын күйездеп,
_____.

*12. Өлеңнің жалғасын 2-ші бағанадан тауып, сәйкес келетін санмен көрсетіңіздер.*

| | | |
|---|---|---|
| 1. Шешендіктің сәні жоқ: ... | ☐ | Басына бақыт қонбаса. |
| 2. Қолтығына ел сыйып, ... | ☐ | Суығына тоңбаса. |
| 3. Би мен бектің сәні жоқ: ... | ☐ | Сөзіне сүттей ел ұйып, |
| 4. Ыстығына күймесе, ... | ☐ | Елін қорғай алмаса, |

## ■ ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөздерді қойып жазыңыздар.*
Асқар таудың сәні жоқ:
Төрт түліктің _____,
Басылмайтын _____,
Көк майса белі _____.

1) қонысы, сонысы, болмаса
2) сонысы, қонысы,болмаса
3) онысы, бұнысы, болмаса
4) сонысы, мұнысы, болмаса

*2. Түсіріліп берілген сөзді табыңыздар.*
_____сәні жоқ:
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса.

1) би мен бектің
2) асқар таудың
3) шешендіктің
4) өзен-судың

*3. Берілген өлең жолдарында не туралы айтылады?*
Өзен судың сәні жоқ:
Өрлеп құлай қонатын,
Жағасы малға толатын,
Аймақты елі болмаса.

1) ауылдың сәні
2) асқар таудың сәні
3) шешендіктің сәні
4) өзен-судың сәні

# МАЗМҰНЫ


| | Тақырыбы | Беті |
|---|---|---|
| 1 | Оқу және тіл дамыту кітабына кіріспе | 3 |
| 2 | Қорқыт<br>«Қорқыт Ата» кітабы | 4 |
| 3 | Әбу Насыр әл-Фараби | 7 |
| 4 | Махмұд Қашқари<br>Диуани лұғат ит-түрік | 10 |
| 5 | Жүсіп Баласағұн<br>Құтты білік | 13 |
| 6 | Ахмет Йасауи<br>Диуани Хикметтен үзінді | 17 |
| 7 | Ахмет Йүгінеки<br>Ақиқат сыйы | 20 |
| 8 | «Кодекс Куманикус» сөздігі | 24 |
| 9 | Асан қайғы<br>Еділ бол да, Жайық бол | 27 |
| 10 | Доспамбет жырау<br>Тоғай, тоғай, тоғай су | 29 |
| 11 | Бұқар жырау<br>Әлемді түгел көрсе де | 31 |
| 12 | Ақтамберді жырау<br>Балаларыма өсиет | 34 |
| 13 | Шал ақын | 37 |
| 14 | Дулат Бабатайұлы | 40 |

140-40тн

Ж.Қ.Түймебаев
Қ.Қадашева
У.О.Асанова
Б.Г.Ашықбаева
С.К.Омарова
А.И.Күлмаханова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
Оқу және тіл дамыту кітабы.
«Рухани әлем»
(жоғары деңгейге арналған)

Дизайнер
Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі
А.О.Әміржанова




Пішімі 60x84 1/8. Гарнитура «TimesNewRoman».
Көлемі (шартты баспа табақ) 2,6. Таралымы 4000 дана.
IntellService баспаханасында басылды.